

Құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар
«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің 2023 жылы тарифтік смета бойынша
атқарылған жұмыстары туралы баяндаманы бастауға рұқсат етіңіздер

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-гі табиғи монополия субъектісі болып табылады.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің негізгі қызметтері:

1. Электр энергиясын беру.
2. Электр желілері мен қосалқы станциялардың жабдықтарын пайдалану және жөндеу.

Кәсіпорынның негізгі мақсаты - Түркістан облысы мен Шымкент қаласы тұтынушыларын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету және Серіктестіктің электр желілері арқылы электр энергиясын тасымалдау үшін техникалық шығындарды азайту.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің теңгерімдегі және сенімгерлік басқарудағы негізгі жабдықтар:

Атауы	Өлш. бірл.	Барлығы	Теңгерімде	Сенімгерлік Басқаруда
Әуе электр желілері, кернеуі :				
ӘЖ -35-220 кВ	км	4 710,9	4 633,6	77,3
ӘЖ 0,4-10 кВ	км	23 010,4	18 581,6	4 428,8
Барлығы:	км	27 721,3	23 215,2	4 506,1
Кабельді электр желілері, кернеуі				
КЖ 35-110 кВ	км	53,4	3,5	49,9
КЖ 0,4-10 кВ	км	993,5	660,4	333,1
Барлығы:	км	1 046,9	663,9	383
Барлығы ЭЖ:	км	28 768,2	23 879,1	4 889,1
Төмендеткіш қосалқы станциялар:				
ПС 110-35 кВ	шт.	271	258	13
ТП, КТП, РП-6-10/0,4кВ	шт.	8092	6113	1979

Абоненттердің жалпы саны – **719 242** есепке алу аспаптарымен 100% қамтылған, оның ішінде жеке тұлғалар - 679 717 абонент; заңды тұлғалар – 39 525 абонент.

2023 жылға 01.01.2023 жылдан бастап 1 кВт.сағат үшін -5,19 теңге, 01.03.2023 ж. бастап 1 кВт.сағат үшін 8,00 теңге, 01.08.2023 жылдан бастап 01.03.2024 жылға дейін 1 кВт.сағат үшін 8,72 теңге мөлшерінде тариф бекітілді. 01.03.2024 жылдан бастап 01.03.2024 жылға дейінгі кезеңге орташа тариф 1 кВт.сағат үшін 8,42 теңгені құрады ҚҚС-сыз. Сондай-ақ, 29.09.2022 жылы № 100-ОД бұйрығымен Түркістан облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу департаментімен (ҚР ҰЭМ ТМРКД) Серіктестіктің инвестициялық бағдарламасы бекітілді және ҚР ЭМ 26.10.2022 ж. № 334 бұйрығымен келісілді.

Тарифтік сметаның орындалуы

Тауарлар өндіруге және қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындар 24 011 356 мың теңгені құрады, жоспар бойынша 22 001 121 мың теңге, оның ішінде шикізат пен материалдарды сатып алуға жұмсалған шығыстар – 10 884 427 мың теңге, жоспар 10 080 017 мың теңге және ЖЖМ (жанар жағар май) – 338 492 мың теңге, жоспар бойынша 285 180 мың теңге, шикізатпен материалдар 153 630 мың теңге, жоспар 125 473 мың теңге.

Нормативтік техникалық шығындарды өтеуге арналған электр энергиясы 10 392 304 мың теңгені құрады, жоспарда 9 669 362 мың теңге. Шығындардың өсуі орташа сатып алу тарифінің ұлғаюымен байланысты, яғни электр энергиясын бірыңғай сатып алушының енгізілуі салдарынан.

Өндірістік қызметкерлердің еңбек ақы төлеуге жұмсалған шығыстар 8 141 348 мың теңгені құрады, оның ішінде 7 350 100 мың теңге жалақы және 791 248 мың теңге міндетті әлеуметтік көмек аударымдар. Өндірістік қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 187 368,7 теңгені құрады. Барлық өндірістік қызметкерлердің әкімшілік қызметкерлермен қоса алғанда орташа айлық жалақысы 195 102 теңгені құрады.

Жөндеу жұмыстарына жұмсалған шығындар - 1 504 577 мың теңгені құрады, бекітілген тарифтік сметада - 892 509 мың теңге.

Іс жүзінде өндірістік сипаттағы өзге шығыстар 679 357 мың теңгені құрады, жоспар бойынша - 521 648 мың теңге. Бұл шығындарға автокөлікті және арнайы техникаларды ұстау, аспаптарды тексеру жөніндегі қызметтер, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, объектілерді күзету, өндірістік қызметкерлердің іссапар шығыстары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі шығыстар және т. б. кіреді.

Әкімшілік шығыстар 1 914 680 мың теңгені құрады, бекітілген тарифтік сметада 1 594 558 мың теңге. Бұл шығындарға әкімшілік қызметкерлердің жалақысы, салық төлемдері, әкімшілік қызметкерлердің іссапар шығындары, ақпараттық-кеңес беру қызметтері, мүлік пен жерді тіркеу және т. б. кіреді.

Барлығы шығындар 25 926 036 мың теңгені құрады, 5 111 958 мың теңге мөлшерінде тарифті қалыптастыруға кірген пайда және 2 801 646 мың теңге мөлшерінде амортизациялық аударымдар бекітілген инвестициялық бағдарламаны енгізуге бағытталған.

Көрсетілетін қызметтер көлемі 3 679 901 мың теңгені құрады, ал бекітілген 3 388 909 мың теңге, нормативтік техникалық шығындар 1,8% - ға төмендеп 654 362 мың кВт.сағат құрады, бекітілген 689 470 мың кВт.сағ.

Өзіндік құны 1 кВт.сағат - 8,43 теңгені құрады, бекітілген 8,42 теңге.

Электр жүйелерінің техникалық жағдайы қанағаттанарлық.

2023 жылдың қорытындысы бойынша электр желілерінің физикалық тозу дәрежесі **57,3%** құрады .

2023 жылғы күрделі, ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша мәлімет

Күрделі жөндеу	Өлшем бірлігі	Физ.көлемі
ӘЖ 110 кВ	км	145,3
ӘЖ 35 кВ	км	242
ӘЖ 6-10 кВ	км	262,6
ӘЖ 0,4 кВ	км	278,1
Барлығы ӘЖ:	км	928
ҚС 110-35 кВ	дана	44
КТП-10/0,4 кВ	дана	671
Барлығы ӘЖ:	дана	715

Ағымдағы жөндеу	Өлшем бірлігі	Физ.көлемі
ӘЖ 110 кВ	км	175,8
ӘЖ 35 кВ	км	397,4
ӘЖ 6-10 кВ	км	304,0
ӘЖ 0,4 кВ	км	455,1
Барлығы ӘЖ:	км	1 332,3
ҚС 110-35 кВ	дана	82
КТП-10/0,4 кВ	дана	778
Барлығы ӘЖ:	дана	860

Техникалық қызмет көрсету	Өлшем бірлігі	Физ.көлемі
ӘЖ 110 кВ	км	727,9
ӘЖ 35 кВ	км	1103,8
ӘЖ 6-10 кВ	км	638,6
ӘЖ 0,4 кВ	км	742,0
Барлығы ӘЖ:	км	3212,3
ҚС 110-35 кВ	дана	166

КТП-10/0,4 кВ	дана	1110
Барлығы ӘЖ:	дана	1276

2023 жылы инвестициялық бағдарламаның орындалуы бойынша мәлімет

№	Іс шараның атауы	Өлш. бірлік	Физикалық көлем		Шығындар, мың тенге	
			жоспарланғаны	орындалғаны	жоспарланғаны	орындалғаны
1	Қайта құру және жаңғырту					
	ЭЖ-110 кВ	шқ	20,2	20,2	100 764,3	71 100,1
	ЭЖ-35 кВ	шқ	46,3	46,3	227 398,9	198 577,9
	ПС-110 кВ	дана	5	5	942 085,1	969 779,5
	ПС-35 кВ	дана	3	3	220 380,5	164 291,8
	ЭЖ-6-10 кВ	шқ	88,3	91,5	257 212,3	216 004,6
	ЭЖ-0,4 кВ	шқ	151,1	151,1	467 697,3	364 756,2
	КЖ-6-10 кВ	шқ	3,2	3,5	55 438,8	56 148,4
	КЖ-0,4 кВ	шқ	2,9	2,9	37 228,0	32 528,6
	РП, ТП, КТП-6-10/0,4 кВ	дана	112	121	594 492,0	601 817,4
	ЭЖ-6-10 кВ СИП сымдарына ауыстыру	шқ	24,9	24,99	244 156,1	242 283,6
ЭЖ-0,4 кВ СИП сымдарына ауыстыру	шқ	136,1	140,6	1 966 263,99	1 957 519,2	
2	Строительство					
	Шымкент қаласында кернеуі 110 кВ қуаты 2х40 МВА қосалқы стансаның және кабель желісінің құрылысы	дана	1	1	2 300 386,4	2 308 200,1
3	Электр энергиясын коммерциялық басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу		ЭЭ көтерме сауда нарығы: ҚС – 12 дана, 75 ПУ; ЭЭ бөлшек сауда нарығы: 2021 ПУ;	ЭЭ көтерме сауда нарығы: ҚС – 12 дана, 85 ПУ; ЭЭ бөлшек сауда нарығы: КТП- 16 дана, 2036 ПУ;	386 377,4	339 618,1
4	Кернеуі 110 кВ Л-103,104 әуе желілерінің учаскесін ПС-110/6 кВ №3 жағына қарай кернеуі 110 кВ кабель желілеріне ауыстыру жұмыстары (2 жіп)	шқ		0,217		208 408,9
	ПС-110/6 кВ №3 яч.№5, 22, 23, 24 қосалқы стансаның ұяшықтарынан шыққан кернеуі 6 кВ әуе желілерінің учаскелерін кернеуі 6 кВ кабель желілеріне ауыстыру жұмыстары	шқ		0,872		56 031,3
5	Техникалық қайта жарақтандыру					53 309
	Итого:				7 799 881,1	7 840 374,8

Инвестициялық бағдарламаның орындалған жұмыстарының төмендегідей нәтижелер беріледі :

- Тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру;
- Жіберілетін электр энергиясының сапасын арттыру;
- Негізгі құралдардың физикалық тозуын төмендету - 0,3 %;
- Техникалық шығындарды азайту;
- Желілердің өткізу қабілетін арттыру - 30 мВт;
- Жүктемелердің табиғи өсуін қанағаттандыратын қосымша қуаттар құру – 48,7 мВА;
- Есептегіштен серверге деректерді автоматты түрде жинау және беру;

- Есептеуіштердің көрсеткіштерін қашықтықтан алу, деректерді серверге беру, ақпаратты өңдеу және оларды ЭКЕАЖ деректер базасында сақтау бойынша процестерді автоматтандыру есебінен ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту.

2023 жылы инвестициялық бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар

Жаңа құрылыс бойынша:

Жаңадан салынып жатқан "Гранд Парк", "Атамұра", "Дендропарк" және "Тұмар" көпқабатты тұрғын үй кешендерінің (оның ішінде әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени және коммерциялық объектілердің) тұтынушыларын қажетті электр қуатымен қамтамасыз ету үшін Шымкент қаласында қуаты 2x40 мВА, 110 кВ кабель желісімен қоса кернеуі 110/10-10кВ қосалқы стансаның құрылысы жүргізілуде. Құрылыстың аяқталу мерзімі 2024 жыл.

2023 жылға жоспарланған жұмыстар жоба-сметалық құжаттарға сәйкес атқарылды.

Кернеуі 110 кВ ӘЭЖ қайта жаңарту бойынша

Шымкент қаласын, Сайрам, Төлеби, ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін кернеуі 110 кВ Л-121,122 желісінің 20,210 шақырымында қайта жаңғырту барысында тозығы жеткен АС 95 маркалы сымын АС 150 маркалы сымға, ПФ-6, ПС-6 аспалы оқшаулағыштарын қазіргі заманғы ПС-70 оқшаулағыштарына, дірілді басатын құрылғыларды орнату жұмыстары жүргізілді.

Кернеуі 35 кВ ӘЭЖ қайта жаңарту бойынша

Ордабасы ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін кернеуі 35 кВ Л-46 желісінің 17,209 шақырымында;

Ордабасы ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін кернеуі 35 кВ Л-46 желісінің шықпасының 22,486 шақырымында;

Төлеби ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін кернеуі 35 кВ Л-Горная желісінің 4,8 шақырымында;

Төлеби ауданын электр энергиясымен қамтамасыз ететін кернеуі 35 кВ Л-32 желісінің 1,8 шақырымында қайта жаңғырту жұмыстары атқарылды.

Аталған электр желілерінде, қайта жаңғырту барысында ақаулы және тозығы жеткен, габаритті емес СВ-110 маркалы бағаналарды СВ-164 бағаналарға, тозығы жеткен ПФ-6, ШФ-35 оқшаулағыштарын ПС-70 оқшаулағыштарына, қимасы АС-50 сымдарынан АС-70, 120 қималы сымдарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

ПС-35-110 кВ қайта жаңарту бойынша

Шымкент қаласында орналасқан ПС 110/35/6 кВ №5 қосалқы стансасында 110/35/6 кВ қуаты 25 000 кВА трансформаторын қуаты 40 000 кВА трансформаторына ауыстыру, вакуумдық ажыратқыштарымен КРУН-6 кВ шкафын орнату, РТСТГ-6-4000 типті реакторды орнату, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Шымкент қаласында орналасқан ПС 110/35/6 кВ Цементная қосалқы стансасында 110кВ желілік тозығы жеткен өтпелі кірмесін ауыстыру жұмыстары атқарылды.

Кентау қаласында орналасқан ПС 110/6 кВ КОФ қосалқы стансасында тозығы жеткен 6 кВ майлы ажыратқыштарды вакуумды ажыратқыштарға, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Түркістан қаласында орналасқан ПС 110/35/6 кВ ЖБИ қосалқы стансасына кірме және секциялық элегазды ажыратқыштарды орнату, тозығы жеткен ВМПП-10 кВ маркалы майлы ажыратқыштарды вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары атқарылды.

Төлеби ауданында орналасқан ПС 110/35/6 кВ Ленгер қосалқы стансасында 110/35/6 кВ қуаты 10 000 кВА трансформаторын қуаты 25 000 кВА трансформаторына ауыстыру (Т2), ақаулы 110/35/6 кВ қуаты 20 000 кВА трансформаторын қуаты 20 000 кВА трансформаторын ауыстыру (Т3), кернеуі 110 кВ кірмелі элегазды ажыратқыштарды орнату, релелік қорғаныс және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Түркістан қаласында орналасқан **ПС 35/6 кВ Шой** қосалқы стансасында тозығы жеткен ВТ-35 кВ майлы ажыратқыштарын ВГБ-35 кВ элегазды ажыратқыштарға, тозығы жеткен майлы ажыратқыштарымен КРУН-10 кВ шкафын, вакуумдық ажыратқыштарымен КРН-4 кВ шкафына ауыстыру, релелік қорғау және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Келес ауданында орналасқан **ПС 35/10 кВ 40 лет КазССР** қосалқы стансасында тозығы жеткен майлы ажыратқыштарымен КРУН-10 кВ шкафын вакуумдық ажыратқыштарымен КРН-4 кВ шкафына ауыстыру, релелік қорғау және автоматика құрылғыларын жаңғырту жұмыстары атқарылды.

Сайрам ауданында орналасқан **ПС 35/10кВ Красноводская** қосалқы стансасында 35/10 кВ қуаты 2х2500 кВА трансформаторларын 2х6300 кВА трансформаторларына (Т1, Т2) ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Кернеуі 0,4-10 кВ ЭЭЖ қайта жаңғырту бойынша

Кернеуі 0,4-10 кВ электр желісінің **242,6 км** шақырымында толығымен бағаналарды, сымдарды, оқшаулағыштарды ауыстыру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде кернеуі 10 кВ электр желісі – **91,5 км**, кернеуі 0,4 кВ электр желісі – **151,1 км**.

Сонымен қатар, кернеуі 0,4-10 кВ электр желісінде **165,6 км** шақырымында модернизациялау жұмыстары жүргізілді, оның ішінде 6-10 кВ – **25 км**, 0,4 кВ – **140,6 км**. Жұмыс барысында тозығы жеткен оқшауланбаған электр желісінің сымдары оқшауланған сымдарға, толығымен бағаналары ауыстырылды.

Кернеуі 0,4-6 кВ кабельді ЭЖ қайта жаңғырту бойынша

Кернеуі 0,4-10 кВ кабельді электр желісінің **6,4 км** шақырымында тозығы жеткен кабельдері ауыстырылды, оның ішінде 0,4кВ – 2,9 км, 6 кВ – 3,5 км

КТП, ТП 10/0,4 кВ бойынша – 121 данасы жаңартылды:

106 к-т тозығы жеткен трансформатор қондырғысымен КТП, ГКТП 10/0,4 кВ шкафтары, 15 дана ТП қосалқы стансаларында трансформатор қондырғыларымен кернеуі 10-0,4 кВ коммутациялық аппараттар ауыстырылды.

6-110 кВ әуе желілерінің учаскелерін 6-110 кВ кабель желілеріне ауыстыру

"Медина" тұрғын үй кешенінің құрылысына кедергі келтіретін 6-110 кВ әуе желілерінің бөлігінде 6-110 кВ жер асты кабельдік желілерге ауыстыру жұмыстары орындалды, оның ішінде **110 кВ – 0,2 км, 10 кВ – 0,9 км**.

Электр энергиясын коммерциялық басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС электр энергиясының көтерме сауда нарығында жұмыс істеуі үшін 12 дана қосалқы стансасын қамтитын көтерме сауда бойынша ЭЭКБАЖ енгізілді: олар кернеуі 110/35/6 кВ «Городская», 110/10 кВ «Восход», 110/10 кВ «50 лет Октября», 110/10 кВ «Комсомол», 110/10кВ «Казахстан», 110/10 кВ «Сюткент», 110/10кВ «Байыркүм», 110/10 кВ «6-ой совхоз», 110/10кВ «Туркестан», 110/6кВ «Промбаза», 110/35/6кВ «Шардара», 35/10кВ «Хлопсовхоз».

Сонымен қатар, кернеуі 0,4 кВ электр желісіне Шымкент қаласының 2 036 абонентін қамти отырып, 16 дана КТП, ТП электр энергиясын есептеуіштерден УСП-ға дейін деректерді беру үшін PLC технологияларды пайдалана отырып, 0,4 кВ желілері бойынша электр энергиясының бөлшек сауда нарығының ЭЭКБАЖ енгізілді.